

Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты

Секция: Биология

Ғылыми жоба тақырыбы: Компьютердің оқушылар денсаулығы мен психикасына әсері

Орындаған: Хадан Айнұр, 8«в» сынып оқушысы
Жетекшісі: Бейгам Нұрсая, Биология пәні мұғалімі

Зерттеудің өзектілігі

- ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Алайда бүгінгі таңда соған қарамастан шығарылып жатқан жаңа техникалардың пайдасымен қатар адамзат денсаулығына тигізер кері әсерінің бар екендігі де жасырын емес.

Зерттеудің мақсаты:

Компьютердің бала денсаулығына тигізетін әсерлерін зерттеу

• Зерттеудің міндеттері:

1. Оқушылардың компьютерде жұмыс істеуінің ерекшеліктерін зерттеу
2. Оқушылардың психологиялық-физиологиялық жағдайына компьютердің әсерін зерттеу.
3. Компьютердің оқушылардың денсаулығына әсерін зерттеу.

Зерттеудің жаңашылдығы

- Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыру барысында оқушылардың денсаулығына барынша зиян келтірмеу жолдарын ұсыну.

Зерттеу материалдары мен тәсілдері

- Оқушылардың денсаулығына және психикасына компьютердің әсерін білу мақсатында 2015-2016 жылы Қарағанды облысы, Октябрь ауданы, Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-интернатында жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде 8 сынып оқушыларынан 14 оқушы қатысты.

Зерттеу әдістері

- ❖ Сауалнама
- ❖ Дәрігермен сұхбат
- ❖ Компьютердің әсерінен болатын аурулардың салыстырмалы көрсеткіші




ЗЕРТТЕУ НЭТИЖЕЛЕРІ



Сауалнама

Сұрақтар	Жауап нұсқалары (%)		
Үйіңізде компьютер бар ма?	Бар	Жоқ	
	100%	0%	
Күніне қанша сағат компьютердің алдында отырасыз?	2 сағаттан аса	1 сағатқа дейін	
	10%	90%	
Компьютерде қандай жұмыспен айналысасыз?	Сабакқа қатысты мәліметтерді іздеймін	Әлеуметтік желілерде отырамын	Ойын ойнаймын, кино көремін
	60%	20%	20%
Компьютерде жұмыс істегенде үзіліс жасайсыз ба?	Жасамаймын	15-20 минут	30-45 минут
	90%	10%	0%

Дәрігермен сұхбат



Оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатындағы ұсыныстар:

1. Шаршауды болдырмау үшін көзге арналған жаттығулар (офтальмотренаж) жасау қажет.
2. Жұмыс орны ыңғайлы, оқушы жасына сай реттелген сапалы бағдарламаларды қолдану қажет.
3. Қамтамасыз ету бағдарламасында арнайы бағдарлама болуын, сергіту сәтін, динамикалық үзіліс жасау кестесін құру керек.
4. Компьютермен жұмыс нормасын міндетті түрде сақталуын оқушыларға қажеттендіру.
5. Ата-аналар ғаламтор балаларына қауіпсіз болсын десе, оны үнемі жаңа бағдарламалармен жабдықтап, спамфилтр орнатып, қауіпсіздік туралы ақпараттарды біліп отырулары керек.
6. Балаларының ғаламтордағы компьютерлік ойындарға тәуелділігін тексеріп, сол бойынша тиісті шаралар қолданып отыру.
7. Кәмелетке жасы толмаған балалардың электронды поштасына енуге ата-анасының мүмкіндігі болуға тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Оқушылардың компьютерде ұзақ уақыт үзіліссіз жұмыс жасайды.
2. Оқушылардың психологиялық - физиологиялық жағдайына компьютерде жұмыс істеу жағымсыз әсерін тигізеді, яғни оқушыларда шаршау, мазасыздану, сабаққа белсенділігінің төмендеуі байқалады.
3. Компьютер оқушылардың денсаулығына кері әсерін тигізеді, әсіресе көру, жүйке, тыныс алу жүйелеріне.
4. Компьютердің оқушылар ағзасына кері әсерін алдын-алу үшін физиологиялық - гигиеналық талаптарды қатаң қадағалау қажет.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

